

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ PR-БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

13 қараша 2015 жыл



МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ PR-ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ»

13 ноября 2015 года



MATERIALS

of International scientific and practical conference

«ACTUAL PROBLEMS OF PR-EDUCATION IN KAZAKHSTAN»

November 13, 2015

Алматы 2015

Ғылыми редактор
филол.ғ.д., профессор **Н.Т. Шыңғысова**

Жауапты редактор
аға оқытушы **Д.Ө. Байғожина**

Қазақстандағы PR-білім берудің өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 13 қараша 2015 жыл / Д.Ө. Байғожина. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 152 б.

ISBN 978-601-04-1651-2

Жинаққа «Қазақстандағы PR-білім берудің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жарияланды. Бұл ғылыми еңбектер жинағына Қазақстандағы медиабілім беру, медиасауаттылық, PR және журналистік білім берудің өзекті мәселелері т.б. туралы ғылыми мақалалар енгізілді. Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар БАҚ қызметкерлері мен ғалым-зерттеушілерге, PR-мамандарына, журналистерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

МУХАМАДИЕВА Л.И. Новая модель развития печатных СМИ Казахстана: роль политического слова и дискурса	85
МУХАМЕДЖАНОВ Д.М. PR мамандары – елдегі ұлтаралық татулықтың дәнекері	88
ХАКИМОВА Т.Х. Компьютерлік 3D-графика үшөлшемді виртуальды модельдерді оқытудың атқаратын ролі	91
ИБРАЕВА Э.Е. Алаш қайраткері Жанұзақ Жәнібековтің «Қазақ» газетіндегі редакторлық қызметі	94
МУХАМЕДИЕВА Н.Б., ЖҰМАБАЕВА А. Дағдарыстық және қақтығыстық саяси жағдайлардағы әрекеттер жүйесі	103
ВАИГОZHINA D.O., МАКУЛБЕКОВА S.B. Influence of communication on the spiritual development of youth	105
ӘЛІМ Ә.А. Жаһандану үдерісінің журналистикаға ықпалы	106
ТҮГЕЛБАЕВА З.Н. Еуразиялық идеяның маңызы	109
ИРГЕБАЕВА Н.М. Педагог кадрларды дайындаудағы оқытушылар мен білім алушылардың тұлғааралық қатынастарындағы мәселелер	110
ДҮБІРБЕКОВА Қ., ТОЙШЫБЕКОВА Б. Жас өркен – жастар медиасы тағылымы мол рухани орда	115
БАШАРОВА Г., БАЛТАБАЙ А. Білім айдынындағы «Жас өркен» – руханият ошағы	117
АМИРОВА А.Т. Современная пресс-служба. Новые PR-технологии	119
КУТПАНБАЕВА Ж.Б. Место и роль СМИ в политике	124
ЖҰМАБЕКОВА Г.А., БУЕНБАЕВА З.Қ. Ғылым және білім интеграциясы	126
БЕЛГАРАЕВА А. Гендерные аспекты профессионального самоопределения молодежи	128
УМБЕТБАЕВА Ж.Б. Профессиональная ориентация в системе PR	131
ӘБУШӘРІПҚЫЗЫ Н. Олимпиада қозғалысы және БАҚ: өзара қатынастардың қалыптасу кезеңдері	134
ХАМИДЕНОВ А. Музыкалық телебағдарламалардың кәсіби деңгейі («Қазақстан» Ұлттық арнасы негізінде)	138
НУРМАГАМБЕТОВ Д. Текст и фотография: влияние визуального ряда на восприятие текстовой информации	140
МАХАНОВА Г. Креативные технологии и Product Placement в Казахстане	142
SHYNGYSSOVA N.T., TASSILOVA A. The public diplomacy in system of the world communication the opinion of PD	144
СҰЛТАНБАЕВА Г. «KMLAB» оқу-зерттеу зертханасы базасында ғылым, білім беру және бизнес интеграциясы	146
Проекты и Резолюция	149

Мухамедиева Н.Б.

*ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс
кафедрасының аға оқытушысы, магистрант*

Жұмабаева А.

*ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс
кафедрасының оқытушысы*

ДАҒДАРЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАҚТЫҒЫСТЫҚ САЯСИ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР ЖҮЙЕСІ

Дағдарыстық және қақтығыстық саяси жағдайлардың мәні мен мазмұнының сараптамасын өзінде сақтайтын саясаттанулық проблемалар саяси ілімдер жүйесінде маңызды орынды иеленеді. Осы саяси жағдайлардың ерекше, экстремалды екендігі айдан анық және осы орайда саясаттануды белгілі бір тұрғыда одан шығудың қоғам үшін ауыртпалықсыз жолын іздейтін ғылым деп есептеуге болады. Осы ретте келесі жағдайларды көрсете кеткеніміз жөн.

Біріншіден, дағдарысты және қақтығысты саяси ситуациялар қоғамдық ахуалдың тоқыруына әкеліп соғатын, халықтың басым бөлігінің өмірінде айтарлықтай қиындықтар туғызатын, оның өмірлік деңгейін төмендететін, әлеуметтік топтардың өзара қатынастарында әлеуметтік шиеленісті қоздыратын, ал тұлғалық деңгейде — шығар жол жоқ, тұйық жағдайға әкеліп тірейтін әлеуметтік қайшылықтар пісіп-жетілген қоғамдық организмнің ерекше күйін сипаттайды. Нәтижесінде оларды шешудің жаңа жолдарын, тәсілдері мен құралдарын жедел іздестіру пайда болады, яғни қоғамдық организмде инновациялық процестер басталады, өйткені қолданыста жүрген дәстүрлі тәсілдер өзінің анық тиімсіздігі мен жеткіліксіздігін көрсетеді.

Екіншіден, қарастырылып отырған жағдай саяси қатынастар субъектілерінің жоғары әлеуметтік және саяси белсенділігімен сипатталады. Субъектілердің мүдделерін терең түсіну процесі басталады, бағдарламалар, саяси платформалар, мақсаттар айқындалынады, саяси күштердің мейлінше анық бөлінуі өтеді, тактикалық және стратегиялық міндеттерінің ортақтығы негізінде жаңа блоктар мен одақтар пайда болады. Үшіншіден, осы жағдайларда қоғамдық дамуды айқындайтын тенденциялар, шынайы мүмкіндіктер жасырын түрде сақталынады. Саяси процесс осы жағдайда айтарлықтай қысымдалған және тек қарқынды даму мен өрістеудің өлшемі бойынша ғана өзінің проблемалығын, мазмұнының шынайы байлығын аша алады. Қоғамның саяси мәдениетінің дамуы үшін жемісті негіз пайда болады. Қалыптасқан мемлекеттік құрылымдар, билік және билік құрушы субъектілер жан-жақты және мақсатты сынға ұшырайды, туындап отырған қажеттіліктерге олардың функционалдық және тұлғалық сәйкессіздіктері дәлелденеді. Жаңару тенденциялары белсенді түрде шынайы өмірге ендіріледі. Қоғамдық өмір қайнай түсіп, адамзат құмарлықтары шегінен шығады, саяси сахна әр түрлі тектегі саяси тұлғалардың әсерінен тығыздала түседі.

Дағдырыс [кризис] – мәселенің аса асқынып, ушығып, басқа мәселелерді кері ысырып, алдыңғы орынға шығатындай деңгейге көтерілу дәрежесі. Ал оның жағымсыз (ұнамсыз) салдарының орнын толтыру оңайға түспейді. Мысалы, саяси, экономикалық, экологиялық және т.б. дағдарыстар.

"Дағдарыс" ұғымы қандай да болмасын құбылыстың деградацияға ұшырап өмір сүруі мен қызмет етуі мүмкін емес болатын ерекше күйін сипаттайды. Соңымен, "дағдарыс" ұғымы құбылыстың ішкі ерекшеліктерін бейнелейді: оның табиғи қызмет етуге және эволюцияға қабілетсіздігі, онда өзінің сапаларын, қасиеттерін сақтау мен өсіруге және өзінің негізгі мәнді сипаттамаларын сақтай отырып дамудың мейлінше жоғары сатысына көтерілу мүмкіндіктерінің болмауы. Әрине, дағдарыстың келтіріліп отырған түсіндірмесі тым жалпы бірақ шынайы өмірде кез келген құбылыс белгілі бір кезеңде өзінің қайта құрылуы мен қирауы, жоғалуына бастайтын дағдарыстық сатыға өтеді. Сондықтан дағдарыстан шығу жолы құбылыстың сапалы жаңаруында жатыр.

Саяси қатынастар субъектілерінің жоғары әлеумет-саяси белсенділігі және осымен байланысты әлеуметтік практиканың ситуативтілігі мен субъективтілігі мақсатты ойластырылған саяси шешімдер мен акцияларды талап етеді. Осындағы ескеретін жайт, дағдарыс жағдайында қабылданған және жүзеге асқан қате шешімдер саяси қатынастар субъектілері үшін өте қымбатқа түседі, себебі олар дағдарысты одан ары тереңдетіп, қақтығысты шиеленістіре түседі. Бірақ, қатесіз шешімдер табу өте қиын. Біріншіден, жағдайдың қозғалмалығынан, объективті ахуалдың тез өзгергіштігінен; екіншіден, элитарлық саяси топтардың әлсіздігі, тәжірибелерінің жеткіліксіздігі салдарынан туындайтын саяси мәдениеттің төмендігінен. Қақтығысқа қатысушылар бір-біріне өркениетті тұрғыдағы оппоненттікке бейім емес, дағдарыстан шығу жолдарын жемісті іздестіруге, конфронтацияны төмендету мен

сөндіруге қабілетсіз; үшіншіден, саяси тұрғыда дайын емес халық бұқарасының әлеуметтік практикалық процеске тартылуы нәтижесінде, олардың өз санымен белсенді, мақсатты әрекет етуші саяси элитаны басып тастау қабілеттілігі яғни "тобырдың мазмұнсыз көтерілісі" деп А.С. Пушкин айтып кеткендей, өркениетті мәні жоқ әлеуметтік «стихияның» үстемдік етуі мүмкін.

Қоғамымыздың өткендегі және қазіргі таңдағы саяси тәжірибесі біздің көзімізді қарастырылып отырған қауіптің ақиқаттығына жеткізеді. Сондықтан қоғамды дағдарыстан алып шығатын әрекеттер жүйесі мен өркениетті конфронтацияны даярлау демократиялық саяси мәдениеттің принциптеріне, методтарына, ұйымдастырылуы мен құралдарына негізделуі керек. Осы тұрғыда демократия, баламасыз саяси құндылық болып саналады. Ол саяси қатынас субъектілерінің ашық әрі кең және әлеуметтік тиімді бәсекелестігін қамтамасыз етеді. Осының көмегімен саяси өмір үздіксіз қызмет етеді, дамиды, саяси оппозиция қажетті конструктивтік рөлді атқарады.

Демократиялық қоғамда барлық саяси күштер әлеуметтік-саяси жағдайды жан-жақты және үздіксіз зерттеуге және оны реттеу мүмкіншіліктеріне ие болады. Ең соңында саясатты тек ғылым ретінде емес сонымен қатар өнер ретінде игерген жоғары икемділікті шеберлік пен қабілеттілік танытатын саяси күштер саясат ойынына қатысады. Дағдарыс жағдайынан шығу және саяси қақтығысты шешу үшін, ең алдымен, пісіп-жетілген дағдарыстың мәнін, оның көріну және таралу сфераларын, саяси қақтығыстың ерекшеліктерін анықтап алу керек; қақтығысушы күштердің әлеуметтік базасын, олардың ықпал ету дәрежесін, олардың мемлекеттік билікпен қатынасы мен байланысын, саяси жетілу деңгейін, саяси ықпал ету арсеналын, күштерін, еріктік көңіл-күйін және т.б. айқындап алу қажет.

Қоғамда көпжоспарлы саяси зондарға жағдай жасалуы қажет. Бұл қоғамдық өмірдің негізгі мәселелері жөнінде ашық пікірталастар, саяси партиялар мен қозғалыстар арасындағы сұхбаттардың бағдарламаларын, мақсаттарын салыстыру, саяси әрекеттің әдістерін, арсеналын бағалау нәтижесінде барлық саяси күштер конституция шеңберінен шықпай билік құрылымдарына эсер ете алуға және заңды шешімдердің негізінде өз бағдарламалары мен мақсаттарын жүзеге асыруға қол жеткізу мүмкіндігіне ие болу қажет. Алайда, қақтығыс логикасының өзі сондай, қақтығысушы күштер өз мүдделерін үстем етуге ұмтылады және конституциямен санаспай бұл үстемдікті баянды етуде күш қолдануды ең тиімді жол деп есептейді. Бірақ қоғамда күшпен мәжбүрлеу функциясына (Конституцияда көрсетілгендей) мемлекеттік биліктің ғана құқығы бар басқа саяси құрылымдар бұлай істей алмайды. Сол себептен, мемлекеттік емес құрылымдардың күш қолдануы қоғамдық өмірге деструктивті элементті ендіреді, қақтығысты шиеленістіре түседі.

Дамудың белгілі бір кезеңінде қақтығысушы жақтар өздерінің күштік құрылымдарын қалыптастыруға, өздерінің әскерлендірілген отрядтарын құруға, армияның, қауіпсіздік органдарының, милицияның және т.б. қолдауына жетуге және оларды өз мүдделеріне пайдалануға ұмтылады. Әрине, осындай жолдар арқылы "жеңіске" жетуге болады, бірақ бұл жеңістің салдары өте ауыр болады.

Конституцияның бұзылуы жай, бірауақыттық әрекет болып қалмауы керек. Ол құқықтық және саяси тұрғыдан алып қарағанда заңсыздық пен зорлық процестерінің басы болуы мүмкін. Сондықтан демократиялық қоғамда Конституция мемлекеттік билік пен азаматтар арқылы қорғалына- тын жоғары құқықтық және саяси құндылық болып табылады. бұл жағдайда ізгі мақсаттар немесе саяси мақсаттылық деп аталынатын ақтау бола алмайды. Өйткені ізгі мақсаттар тығырыққа апаратын жол, ал саяси мақсаттылық даму мүмкіндігі жоқ ситуативті тәсіл. Саяси қатынастар субъектілері өз мүдделерінің үстемдігі принципі мен оларды жүзеге асыруға ұмтылудан бас тарта алмайды. Сондықтан, осы жерде оларды жүзеге асыруға қалай және қандай жолмен, қандай методтар мен құралдар арқылы жетуге болады деген әлеуметтік-саяси проблемалар туындайды.